

Жарнама мәтінінде ұлттық танымдық бірліктерді қолдану

Жарнама мәтіндерінің әсерлі болу қуатын күшейтетін тілдік бірліктерді екі ыңғайда қарастыруға болады.

- Жарнама мәтіндерінің образдылығын, әсер ету қуатын арттыру мақсатында ұлттық таныммен байланысты образды сөздер мен тіркестердің қолданылуы;

- Жарнама мәтіндерінің әсер ету қуатына кедергі келтіретін сипаттар.

Жарнама мәтіндерінде сөздер мен фразалардың қолданылуында **ұлттық танымға қатысты тілдік бірліктерді** кеңінен пайдалану жарнама мәтіндерінің әсерлілігін арттыратын қуатты белгі болып саналады. Бұл ретте жарнама мәтінін түзудің стратегиясы мен тактикасында басқа тілден сөзбе-сөз және құрылымдық аударма жасау әдісінен гөрі қазақ тілінің өз табиғи заңдылықтарына сәйкес эмоция тудыратын, қабылдаушының әрекетіне жағымды әсер ететін мәселелерді ескеру өте маңызды.

Жарнама мәтіндерінің образдылығын, әсер ету қуатын арттыру мақсатында ұлттық таныммен байланысты образды сөздер мен тіркестерді бірнеше топқа жіктеуге болады, олар:

- қазақ ұлты үшін символға айналған прецедентті атаулар мен тіркестер;

- ұлттық таным мазмұнына ие фразалық тіркестер;

- ұлттық таным мазмұнына ие мақалдар мен мәтелдер және қанатты сөздер;

- фольклордағы образды тіркестер, классик жазушылардың насихат және ұлағат сөздері.

Ұлттық танымға қатысты тілдік бірліктердің үлгілері:

- Қазақ ұлты үшін символға айналған прецедентті атаулар мен тіркестер: Халыққа белгілі прецедентті атаулар мен прецедентті мәтіндерді қолдану жарнама мәтінінің әсерлілігін арттырады. Мысалы, *жомарттық – Атымтай Жомарт, сұлулық – Қыз Жібек, күш иесі – Қажымұқан*. Берілген прецедентті есімдерді *«Атымтайдай жомарт бол!», «Қыз Жібектей сұлу бол!», «Қажымұқандай күшті бол!»* сынды сөйлемдермен мәтінде қолдану қазақы танымға қозғау салады және жарнама әсерлілігін арттырады.

- Азық-түлік өнімдеріне арналған жарнамада: азық-түлікті жарнамалайтын мәтіндерде тауардың дәмін сипаттайтын *бал шырын, тіл үйірген тәтті дәм; жеген де арманда, жемеген де арманда* және т.б. фразеологизмнің қолданылуы; жарнама мәтіндерінің мазмұнына байланысты қонақжайлылықты сипаттайтын *құшақ жая қарсы алу, ас та төк сый-құрмет көрсету* және т.б.; тұтынушыны тауарды алуға үгіттейтін *дәм ауыз ти, дәм тат, қапы қалма* сынды фразеологизмдерді қолдану жарнама мәтінінің әсерлілігін арттырады. *«Ас арқауы – нан», «Нан бар жерде ән бар», «Ас*

атасы – нан», «Дастарханда наны жоқтың, Тамағының сәні жоқ» сынды және т.б. мақал-мәтелдердің қолданылуы.

- Сұлулық жарнамасында фразеологизмдер мен поэтикалық тілдің қолданылуы. Мысалы: а) *ай десе аузы бар, күн десе көзі бар, айдай сұлу, ақ дидарлы, ақ құба, бидай өңді, ақша маңдай* және т.б. қолданылуы.

ә) Сәулетіңнің сағымы

Бұтағына шынардың

Күнді әкеп іліп қойғандай.

Сәндісің, жаным, сәндісің.

(Д. Бабатайұлы).

- Спорт, саламатты өмір салты туралы жарнамада: «Денсаулық – зор байлық», «Төзім – тамаша сипат», «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде», «Аурудың алдын ал», «Тер шықпаған кісіден, Дерт шықпайды» және т.б. ұлттық болмысқа тән қанатты сөздердің қолданылуы.

- Тәрбие беру мазмұнындағы жарнамада: *Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен, тәрбие бесіктен беріледі, баланың ақылды, парасатты, әдепті болып өсуі – ата-ананың мерейі* және т.б. тұрақты құрылымдардың қолданылуы;

Оқу-білімге насихаттауға, тәрбие беруге, дене бітімін шынықтыруға, ұлттық тілді және салт-дәстүрді сақтауға, заманауи идеяларды түсінуге арналған жарнама мәтіндерінде классик жазушылардың ұлағатты сөздерін пайдалану тиімді. Мысалы:

- Ұлт тәрбиесіне қатысты: «*Ұл тәрбиелей отырып, халықты тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлт тәрбиелейміз*»;

- Тіл мен әдебиетті құрметтеуге тәрбиелейтін: «*Кімде-кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды*».

- Кітап оқуды, оқу-білімді насихаттайтын: «*Кітап аяулы досы бола бастаған шақтан былай ғана әрбір жан өзін интеллигент бола бастадым деп санауына болады*».

- Халықтар арасындағы достықты насихаттайтын: «*Біз үшін халықтар достығынан артық идеал болмақ емес*».

- Отансүйгіштікке тәрбиелейтін: «*Алтын анам, Отаным, сенен аяр жаным жоқ, сенен үркер күшім жоқ – деп ер қайратыңа мін дағы, өрге бас*», - деген ұлағатты сөздер (М.Әуезов) ұлттық танымға сәйкес келіп, ықпал етуді күшейтеді.